**Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 05 наурыздағы кезекті жиырма үшінші сессиясында бекітілген "Аудандағы аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй ұстау және коммуналдық қызметтің ақысын төлеуге арналған тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінің қағидасын бекіту туралы" N 147 шешіміне толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2010 жылғы 27 қазандағы N 188 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Арал ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 24 қарашада N 10-3-172 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2011 жылғы 14 наурыздағы N 208 Шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2011.03.14 N 208 Шешімімен.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 1-тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШЕМІЗ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2010 жылғы 5 наурыздағы кезекті жиырма үшінші сессиясының "Аудандағы аз қамтамасыз етілген азаматтарға тұрғын үй ұстауға және коммуналдық қызметтің ақысын төлеуге арналған тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінің қағидасын бекіту туралы" N 147 шешіміне ( нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 10-3-155 номерімен 09.04.2010 ж. тіркелген, аудандық "Толқын" газетінің 21.04.2010 ж. N 31 шығарылымында жарияланған) төмендегідей мәтінде толықтыру енгізілсін:

"3.1. тұрғын үйді күтіп ұстауға және тұтынған коммуналдық қызметтер төлеміне шыққан шығындар шегіндегі үлесі от жағатын қысқы мезгіл уақытында 10 пайыз мөлшерінде отбасының жиынтық табысымен белгіленсін".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан бастап 10 күннен кейін күшіне енеді.

*Аудандық мәслихаттың кезекті жиырма тоғызыншы сессиясының төрағасы,*
*аудандық мәслихаттың хатшысы Ә.Әуезов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК